SOZAQ ÚNI
АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ
Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады
sozak_uni@mail.ru
WWW.SOZAK-UNI.KZ
№01 (9168)
ДҮЙСЕНБІ
1 қаңтар, 2024 жыл

# Қош келдің, 2024-Ұлу жылы!

## АУДАН ӘКІМІНІҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ ӨТТІ

Аудан орталығындағы НәзірТөрекұлов атындағы IT мектеп-лицейінде балаларға арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты аудан әкімінің шыршасы ұйымдастырылды.

Мерекелік шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бүлдіршіндерді жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

-Жаңа жыл әр баланың жыл бойы асыға күтетін басты мерекесі. Осы күнде біз балдырғандарға арнап мерекелік шаралар ұйымдастырып, жоғары деңгейде қолдау көрсетіп, қуаныш сыйлай білуіміз қажет. Еліміздің жарқын болашағы, ата-аналарыңның бақыты мен қуанышы да өздерің. Сондықтан да әрқашан, ата-аналарыңызды қуантыңыздар. Зерделі де зерек, білімді де білікті болыңыздар,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы балалармен бірге мерекелік шыршаның шамын жақты.



Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов шараға қатысушыларға ізгі тілектерін жеткізді.

Шарада Аяз ата мен Ақшақар балалардың өнерін тамашалады. Бүлдіршіндер ұмытылмас әсерге бөленіп, шат-шадыман күйде болды. Мерекелік кештен соң оқушылар арнайы ақ дастархан басында бас қосып, онда аудан әкімінің жаңа жылдық сыйлықтары табысталды.

Айта кетейік, Нәзір Төрекұлов атындағы IT мектеп-лицейінің фойесінде «Жаңа жыл» тақырыбына арналған көрме қойылып, мерекеге келген балаларды қуыршақтар күтіп алды. Мерекелік шараға көп балалы отбасынан шыққан және түрлі байқаулардың жеңімпаздары атанған 200 ге тарта жас бүлдіршіндер қатысты.





*Аудан әкімінің баспасөз қызметі.*

**Құттықтау!**

## Барша шаңыраққа шаттық әкелсін!

**Құрметті қауым!**
**Қадірлі аудан тұрғындары!**

Сіздерді әлем халықтарының ортақ қуанышына айналған Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Тағы бір жыл тарих қойнауына еніп, біз жаңа 2024 жылға қадам бастық. Өткен жыл еліміз үшін де, аудан үшін де табысты жыл болды. Елімізде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың негізінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда белсенді жұмыстар атқарылды. Бұл жылы атқарылған жұмыстар ынтымағы мен бірлігі жарасқан ауданымыздың ерен еңбегінің жемісі деп білеміз. Біздің осы жетістіктеріміз алдағы жылда да еселене түсетініне кәміл сенеміз.

**Құрметті жерлестер!**

Жаңа жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, арман-үміттер ақталатын жыл болсын. Еліміз үшін берекелі болып, барша шаңыраққа шуақты шаттық әкелсін! Еліміздің бірлігі мен татулығы бұзылмай, көк байрағымыз биікте желбірей берсін!

***Ізгі ниетпен:***
***М.ТҰРЫСБЕКОВ,***
***Созақ ауданының әкімі.***
***О.ЖӘМИЕВ,***
***Аудандық мәслихат төрағасы.***



## Жаңа жылдық ақ тілек!

*Армысың келген Жаңа жыл,*
*Жақсылықтың бастауы.*
*Бақытты қадам басады,*
*Бақытты елдің жастары.*

*Тау менен тас жаңғырып,*
*Жаңа жылды жырлайды.*
*Балалар жүр, мәз мейрам,*
*Шанаға мініп зырлайды.*

*Тіршілік дүние дір еткен,*
*Амандық сұрап жүректер.*
*Осы күні айтылар,*
*Ақ бата, аппақ тілектер!*

*Егемен елім тоқ болсын,*
*Жақсы күндерің көп болсын.*
*Әрбір үйде шаттық той,*
*Уайым, қайғы жоқ болсын!*

***Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.***



# Тасты ауылында жаңа мәдени нысан ашылды

Аудан орталығынан шалғай орналасқан Тасты ауылында мәдениет үйінің жаңа ғимараты ашылды. Жаңа талаптарға сай жабдықталған 75 орындық мәдениет үйі 329,5 шаршы метрді құрайды. Бұған дейін аудан әкімінің халықпен кездесуінде бұл мәселе бірнеше рет көтеріліп, тұрғындар мәдениет үйін салып беру жөнінде өтініштерін айтқан. Бүгін міне ауыл тұрғындарының талап-тілектері орындалды.

Жаңа нысанның ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков сөз сөйлеп, тұрғындарды жаңа мәдени нысанның ашылуымен құттықтады.

- Бүгін Тасты ауылы жаңа мәдени нысанмен толықты. Бұл жерде ауыл тұрғындары ұлттық құндылығымыз бен мәдениетімізді насихаттайтын түрлі бағыттағы игі шаралардың куәсі болады деген сенімдемін. Алдағы уақытта да халықтың игілігіне бағытталған жобалар назардан тыс қалмайды. Кіші футболға арналған жабық үлгідегі ойын алаңын салу және Қылти елді мекеніне баратын жолға асфальт жабындысын төсеу сынды біршама жұмыстарды атқаруды жоспарлап отырмыз. Осылай ынтымағы мен бірлігіміз жарасқан ел болсақ, одан әрі қарыштап дами түсеміз, -деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар, Тасты ауылының қариясы Ерман Маметханов арнайы сөз сөйлеп, жаңа нысан тұрғындар үшін ең керекті ғимарат екенін айтып, жиналған көпшілікке ыстық ықыласын жеткізді. Сондай-ақ ауыл бии Бақытжан Талдыбаев өзінің қуанышымен бөлісіп, игі іске арқау болған азаматтарға алғысын жеткізді.

-Бүгін ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Бұған дейін аудан басшысына ауылымыздан мәдениет үйін салып беру жөнінде барша тұрғындар болып өтінішімізді жеткіздік. Бүгін міне елдің азаматы ретінде аянбай еңбек етіп, ауылымыздан жаңа мәдени нысан ашылды. Жаңа нысанда бірнеше тұрғын жұмыспен қамтылып, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсартары сөзсіз. Осынау іске арқау болған барша азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін,-деді.

Жиын соңы «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

Айта кетейік, жаңа нысан соңғы үлгідегі жиһаздармен қамтылған. Жаңа музыкалық құрал-жабдықтар және кітапхана мен оқу залы қоса қамтылған.

# САЛА БОЙЫНША АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарды пысықтау мақсатында лездемелік жиын өткізді. Жиынға жауапты орынбасарлары мен бөлім, мекеме басшылары қатысты.



Лездемелік жиынның күн тәртібіндегі басты мәселе тұрғындар қажеттілігіне орай туындаған мәселелер мен ауыл азаматтарының тұрмысын түзеуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы болды. Бұл бойынша сала орынбасарлары мен жауапты мамандарға тапсырмалар жүктеді.

Сонымен қатар, әр салаға жеке-жеке тоқталып, жыл соңына дейін атқарылу керек жұмыстарға және оған бөлінген қаржының игерілуін толық бақылауына алды.

# «Бәтима-жыр, Асқар-тау, асқарларым...»

С.Қожанов атындағы өлкетану музейінде Созақ ауданының 95 жылдығы аясында ақын, Батима Батырбекованың туғанына 95 жыл және жазушы-драматург Асқар Сүлейменовтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Бәтима–жыр, Асқар–тау, асқарларым...» атты еске алу кеші ұйымдастырылды. Ұлт әдебиетінің төрінен мәңгілік орын алған қос алыптың еске алу кешіне өлке зиялы қауым өкілдері, аудандық білім бөлімінің басшысы Н.Айдаров, ардагерлер қауымы, Б.Батырбекова ат. орта мектеп ұжымы, А.Сүлейменов атындағы орта мектеп ұжымы, «Созақ үні» газетінің редакторы С.Теңізбаев, «Аманат» партиясының аудандық филиалы басшысы Е.Сағындық және ұстаздар, жастар өкілдері қатысты. Музейдің үлкен экспозициялық залы іс-шараға орай қос мектеп ұжымы дайындаған арнайы стенділермен безендіріліп, қос алыптың ғұмыр жолы және шығармашылығынан сыр шертетін мазмұнды көрмелер жасалынды. Жиынды С.Қожанов музейінің директоры Н.Дүйсенбек ашып, іс-шараның маңыздылығы, тәрбиелік-ағартушылық мәніне тоқталды. Кешті Б.Батырбекова атындағы орта мектептің және А.Сүлейменов ат. орта мектептің өнерпаздары дайындаған әдеби – сазды бөлім жалғастырды. Осы орайда аталған ұжымдардың іс-шараға мұқият дайындалып, даңқты қаламгер жерлестеріміздің шығармашылығынан мол мағлұмат беретін баяндама, әдеби көріністер ұсынып, күй шалқытып, ән-жырдан шашу шашты. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетов, Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы М.Асқаров, ақын, драматург Б.Айдарбеков, Б.Батырбекованың қайынсіңлісі Ш.Тоқбергенова (сыншы Т.Тоқбергеновтың қарындасы), жезтаңдай әнші С.Аппазова кезегімен сөз алып, естеліктермен бөлісіп, мазмұнды әңгімелермен жалғастырды. Кеш бойы күй күмбірлеп, ән –жыр орындалды. Қазақ бекзадасы, Созақ бекзадасы атанған, заманынан оқ бойы озық туған қаламгер А.Сүлейменов және ақын, көрнекті ағартушы Б.Батырбекованы Созақ елі бүгін осылай еске алды. Осы орайда кештің мазмұнды өтуіне атсалысқан аудандық білім бөліміне, аталған мектептер ұжымдарына, аудандық мәдениет бөліміне, ауыл азаматтарына алғысымыз шексіз.



**Г.ӨМІРБЕК.**

# БАСКЕТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ АЛАҢШАСЫ МЕН «STREET WORKOUT» ЖӘНЕ БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢШАСЫ АШЫЛДЫ

Созақ ауданының 95 жылдық мерекесі аясыда Шу ауылынан тұрғындар сұранысына орай «Katco» қазақ-француз біріккен кәсіпорны» демеушілігімен салынған баскетбол, волейбол алаңшасы мен «Street workout» және балалар ойын алаңшасы ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Спорт нысанының ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттықтау сөз сөйлеп, биылғы жылы аудан көлемінде спорт саласы бойынша атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталып өтті.



-Биылғы жылы аудан көлемінде спорт саласы бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Аудан орталығы мен бірқатар ауылдарда үлкен футбол және балалар ойын алаңы мен футбол алаңшалары ашылды. Сондай-ақ "Спорттық-сауықтыру" кешенінің құрылысы жалғасуда. Бүгін міне баскетбол мен волейболға арналған ойын алаңы ел игіліне ұсынылып отыр. Алдағы уақытта да бұқаралық спортты дамытып, аудан жастарының бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жобалар әр кез назардан тыс қалмайды,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Ауыл қариясы, еңбек ардагері Дастан Бейсенбі игі іске арқау болған барша азаматтарға ауыл тұрғындары атынан алғыс айтып, ақ батасын арнады.

Айта кетейік, жалпы көлемі 900 шаршы метр болатын жаңа нысанның құрылысы осыдан 3 ай бұрын ауыл тұрғындарының сұранысымен басталған болатын.

***Аудан әкімінің баспасөз қызметі.***

**Алғыс айтамыз**

# Ақ халатты ақ қанат періштелер

Ақ түс-адалдық пен шынайылықтың белгісі. Ал ақ халатты жандар ақ қанатты періштелер сияқты. Жанға дауа іздеген кез-келген жанның жанынан табылып дертіне дауа болған осы жандар шынында да Алланың адамдар үшін жіберген жебеуші періштелер.

Жанға батқа дертке дауа іздеп келгенде белгілеген ем, демін уақтылы жасап, дәрі егумен бірге дәруменге парапар келетін жылы сөздерімен жанына шуақ сыйлай білген дәрігерлер қауымына алғысымызды білдіреміз.



Аудандық аурухананың терапия бөлімінің меңгерушісі-Назарова Айдана. Дәрігер Құдайбергенова Алтынай. Кәсіби біліктілігі мен адами қасиеттерінің жоғарылығына тәнтіміз. Таңнан кешке дейін науқастар жанынан табылып, мазалаған дерттеріне дауа айтып, медбикелерге бағыт-бағдарын көрсетіп байыз таппай жүргені. Мұндайдан тек «алғыспен өсе беріңіздер» дейміз.

Дәрігерлер берген ем шараларын аға медбике Есжанова Ләззат және медбикелер Сүлейменова Сара, Кадирова Перизат, Ыдырисова Гүлжамал, Төлегенова Лэйла, Тұланова Ләззат, Шадиева Ақмарал, Ерман Жәудір секілді медбикелер уақытында жауапкершілікпен атқаратын өз ісіне берілген мамандар ретінде таныта алды. Қызметі ерекше науқастардың бар жағдайын жасап, оларға өз қызметтерін қалтқысыз көрсетіп жүрген шаруашылық ембикесі Салходжаева Нұргүл.

Осы терепия бөлімінің барша қызметкерлерінің отбасына амандық, еңбектеріне табыс тілейміз. Және дәрігерлер қауымына алғысымызды білдіреміз.

***Емделушілер:***
***Мейрамбек РУСТЕМОВ,***
***Ролан ӘЛЖАНОВ,***
***Бақыт ОМАРОВ,***
***Әмір БАТЫРБЕКОВ.***

# ЖАҢАШЫЛ МЕКТЕПКЕ-ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ

«Ұстаз болу–жүректің батырлығы, Ұстаз болу–сезімнің ақындығы, Ұстаз болу–мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы»–деп ақын ағаларымыз жырлағандай қазіргі таңда ұстаз қауымының етер еңбегі үлкен шыдамдылық пен табандылықты тәрбиелік тұрғыдан білім алушыларға ықпалы зор және жемісті болады. Әрбір сабаққа қойылған мақсатқа жету үшін мұғалім белсенділік көрсетіп, үнемі ізденісте болуы керек. Орыс тілі пән әдіс бірлестігінің мүшелері бас қосып, семинардың бағдарламасы талқыға салған тапсырмаларды талқылады және кері байланыс арқылы тапсырмаларды жетілдіруге жұмыстанды. Сабақ мақсатына жеткізетін тиімді тәсілдерді таңдауға, тәсілдерді бағалауға ат салысты. Мектеп ұжымы өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, семинардың жоғары



қажет етеді. Желтоқсан айы ішінде орыс тілі мен дебиеті пән әдістемелік Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектепте «Жаңашыл мектепке – жаңашыл ұстаз» тақырыбында мектепішілік оқыту семинарын өткізу жоспарланған болатын. Мектепішілік семинардың негізгі мақсаты пән мұғалімдеріне оқытудың тиімді әдістерін көрсету, педагогтардың өзара тәжірибе алмасуына ықпал ету; білім беру ұйымында оқу үдерісін арттыру бойынша оқушылардың шығармашылықтарын, оқуға деген қабілеттерін арттыру; заманауи білім берудегі интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарымен бөлісу болып табылады. Күнделікті өтілетін сабақтарда мұғалім білім алушылармен тығыз қарым- қатынаста болады, оның өзара ғылыми және лынды. Семинардың бағдарламасы жасаланып, бұйрық шығарылып, бекітілді. Аталмыш мектепішілік семинар 2023 жылдың 14 желтоқсанында «Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектеп» КММ-де өтілді. Семинарға қатысқан мұғалімдер семинар мақсаттарына сәйкес дайындалған тапсырмалармен танысып, дайындалған тапсырмалармен жұмыс жасады. Семинарды орыс тілі пәнінің мұғалімдері Искакова Нурзада, Жұмашева Салтанат, Қыдырбаева Мая жүргізіп, "КАНООТ" платформасы, «PADLET» платформасы және «PLICKERS» платформалары арқылы жұмыс жасау мүмкіндіктері туралы түсіндіріп, тәжірибе жүзінде тапсырмаларды құрастырды көрсетіп, пән мұғалімдеріне жұмыс жасатып көрсетті. Пән мұғалімдері дайындеңгейде өтуіне септіктерін тигізді. Семинар соңында семинарға қатысушылардан алынған кері байланыс оның айғағы болды. Аталған тәсілдер әлі тың тәсілдердің бірі болып саналғандықтан, семинарға қатысушылардың жаңа әдіс– тәсілдерді меңгеруге құштарлықтарын оятты. Семинар соңында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Бейсен Іңкәр бұл тақырыпты кеңінен қарастыру керек дей келе, семинардың жоғарғы дәрежеде өткенін және де пән мұғалімдерінің семинардан алары көп екендігін айтып, барлығына сәттілік тіледі.

***Нұрзада ИСКАКОВА,***
***Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.***

**Құттықтаймыз!**

# Еңбек ер атандырады



Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жерлесіміз, денсаулық саласының ардагері Жүсіпов Әлішер Молдақасымұлы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды! Марапат құтты болсын!

# Жыл мұғалімі атанды

«Жаңа Қазақстан» Республикалық қоғамдық бірлестігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халқына арналған жолдауын ликалық байқауына қатысып, жеңімпаз атанған Ғани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі Құтжанова Гулия Тұрлыбекқызы бірінші дәрежелі дипломмен және Ы.Алтынсарин төсбелгісімен мара-



білім беру саласының мамандары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Қазақстанның жыл мұғалімі -2023» атты республикалық байқауына... патталды. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында иеленген марапатыңыз құтты болсын! Шәкірттер тәрбиелеудегі ерен еңбегіңіз жемісті болсын!

# Жаңа жыл мерекесіне тарту

Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аманкүл Үрмізова бастаған, қасына шүпірлей ерген бір топ шығармашылық жолдағы өнерпаз оқушылар Төле бидің 360 жылдығына, Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығына және Әйтеке бидің



340 жылдығына арналған "Дала данышпандары" атты республикалық байқауында патриоттық, тұлғалық, шығармашылық дағдыларды қалыптастырғаны үшін Қазақстан Республикасы Тәрбие және қосымша білім беру департаментінің Алғыс хатымен марапатталды. Марапат иелері жетекшісі Аманкүл Үрмізова, оқушылары Файзулла Данияр, Аманқозы Мағжан, Қойшыбай Мақсат, Ануарбек Еңлік,Әліптұр Асқар, Әліпбек Азат, Талғатұлы Ердаулет есімді талапты, талантты оқушылар ауыл, аудан, облыс намысын абыроймен қорғап оралды.Барлықтарымен айтулы жеңістерімен шын жүректен құттықтап, шығармашылық толағай табыстар тілейміз.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің 2023 жылдың 12 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі

Созақ аудандық қоғамдық кеңесі алғашқы рет, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңына сәйкес, 2016 жылдың наурыз айында құрылды. Созақ аудандық қоғамдық кеңестің 3-ші құрамы 2022 жылдың наурыз айында жасақталды Бүгінде Қоғамдық Кеңестің 14 мүшесі бар. Төрағасы – Мұрат Жексенбайұлы Сапаров, хатшысы қызметін –Мұхтар Сенбіұлы Қиясбаев атқарады.

2023 жылы Созақ аудандық Қоғамдық кеңесі өз құзыреті аясында төмендегідей жұмыстарды атқарды. Қағамдық кеңестің отырыстарында Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңының 3-быбынының 3- тармағына, 5- бабының 2-3-4 және 13 тармағына, 18 бабының 4-тармағына, 23- бабының 1-тармағына сәйкес, қоғамдық кеңестің төралқа мүшелерінің келісімімен төмендегі мәселелер қаралды.

**2023 жылдың I тоқсаны:**

2023 жылдың бірінші тоқсаны бойынша Қоғамдық кеңестің отырыстарында 3 нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралып ескертусіз мақұлданды.

Созақ ауданы әкімінің және 2 ауылдық округ әкімдері мен 3 мемлекеттік орган 1 ЖШС басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

2023 жылдың наурыз айының 28 күні аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырылып 1 ұсыныс 1 өтініш түсіп тиісті шаралар қабылданды.

**Қаңтар айы**

1.«Аудандық Қоғамдық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту» туралы мәселе (Хабарламашы М.Сапаров).

2.«Созақ ауданы әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі»

**Ақпан айы**

1.«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйесі басшысының атқарылып жатқан жұмыстыры туралы есебі.

2.Созақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары.

3.Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары.

**Наурыз айы**

1.Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және көп балалы аналарға, балаларға көрсетілетін жәрдем, жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа тарту барысы, қайтарымсыз гранттар туралы» жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

2.Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің «Көктемгі егіс науқанына дайындығы, жерді игеруге бөлінетін субсидиялардың тиімді берілуі туралы» жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

3.«Түркістан облысы әкімдігінің ауылшаруашылық басқармасының «Ветеринария қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ Созақ ауданының филиалы» басшысының 2022 жылы атқарған жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

Аталған мәселелер туралы тыңдап, талқыланып Қарар қабылданды.

**2023 жылдың II тоқсаны:**

2023 жылдың екінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында 7 нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралып ескертусіз мақұлданды. 4 ауылдық округ әкімдері мен 7 мемлекеттік орган басшыларының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

Қоғамдық кеңес мүшелерімен 27.04.2022 жылы Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округі халқымен кездесулер өткізіліп, ұсыныс пікірлер бойынша жұмыстар атқарылды.

**Сәуір**

1.Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің «2023 жылдың 4 айында атқарған жұмыстары туралы» есебі.

2.«Шолаққорған-Су» МКК «2022 жылда атқарған жұмыстары туралы және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары туралы есебі».

3.Созақ аудандық орталық ауруханасының «2022 жылда атқарған жұмыстары туралы және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары туралы есебі»

**Мамыр**

1.Жерді тиімді пайдалану және жер қатынастарын реттеу. Аудан әкімдігінің жер қатынастар бөлімінің 2023 жылдың 5 айында атқарып жатқан жұмысына талдау жасау және басшысының есебін тыңдау.

2.Созақ аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімінің басшысының 2023 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.



3.Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

4.«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебін тыңдау.

**Маусым**

1.Қыземшек кенті әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

2.Шу ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

3.Тасты ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

4.«Қазақтелеком» ОҚ ҚЖПД ЖЖ ТКЖО-2 Созақ желілік-техникалық цехының басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі. «Ауыл аймақтардағы (интернет сапасы) байланыс мәселесі туралы»

**2023 жылдың III тоқсаны:**

2023 жылдың үшінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында 12 нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралып ескертусіз мақұлданды. 3 ауылдық округ1 кент әкімдері мен 5 мемлекеттік орган басшыларының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

**Тамыз**

1.Аудандық полиция бөлімінің «Заңдылықты қамтамасыз ету және адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын сақтау» мәселелері бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебін тыңдау.

2.«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің» атқарылып жатқан жұмыстары және қысқа дайындық, газ, жол жөндеу мәселелері туралы есебін тыңдау.

3.Созақ аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндамасы.

4.«Қазсушар» РМК ТФ Созақ өндірістік бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

**Қыркүйек**

1.Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары, алдағы оқу жылына және қысқа дайындық жұмыстары туралы есебін тыңдау.

2.Таукент кенті әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.



3.Сызған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

4.Қаратау ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

5.Қарағұр ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

**2023 жылдың IV тоқсаны:**

2023 жылдың төртінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында 18 нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралып ескертусіз мақұлданды. 2 ауылдық округ әкімдері мен 5 мемлекеттік орган басшыларының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

Аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырылып 1 ұсыныс 1 өтініш түсіп тиісті шаралар қабылданды

**Қараша**

1.Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің ішкі мәселелері туралы.

2.Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

3.Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

4.Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

5.Құмкент ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

6.Жартытөбе ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

**Желтоқсан**

1.Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің мектептердегі 1-4 сыныптарға берілетін ыстық тамақ мәселесі туралы.

2.Созақ аудандық орталық ауруханасның жылу мәселесі туралы.

**Қорытынды**

Қоғамдық кеңестің 2023 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес 12 ай бойынша бүгінгі күнге дейін 17 отырыс 4 рет төралқа отырыстары өткізіліп, мәселе қаралды. Оның ішінде 39 нормативтік құқықтық актілер жобалары талқыланып, ескертусіз мақұлданды. 12 ауылдық округ әкімдері 20 бөлімдер мен мекемелер 1 ЖШС басшыларының есептері тыңдалды.

Мемлекеттік орган жұмыстарын бақылау мәселелері бойынша аудан әкімінің, аудан әкімдігінің бөлімдерінің, ведомстволық мекемелер басшыларының есептері тыңдалып, онда Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан өзекті мәселелер көтеріліп, кемшіліктер атап көрсетіліп, алдағы уақытта аталған бағыттар бойынша жұмыстар атқару ұсынылды. Қаралған мәселелердің хаттамалары тиісті бөлімдерге жіберіліп отырды. Қоғамдық кеңес отырыстарымен төралқа отырыстарында Қоғамдық кеңес мүшелері белсенділік танытты. Республикалық Ережеге сәйкес, Аудандық қоғамдық кеңес жанынан Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңына сәйкес, 4 тұрақты комиссиялар құрылып, өздерінің бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізуде.

***М.САПАРОВ,***
***Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.***

Жалпы, кез- келген сала бойынша жыл соңында атқарылған жұмыстар жөнінде халыққа есеп беру біздің елімізде әдетке айналған десек- те болады. Міне, сондай есептердің барлығы дерлік аудандық «Созақ үні» газетінің әр нөмірлеріне жарияланып отырады. Осы әдетпен өзім насихатшысы боп жүрген Созақ спортының соңғы жаңалықтарын оқырмандарымыздың назарына ұсыну бақытына тағы да мен ие болып отырмын. Негізінде, шыққалы отырған қоян жылы Созақ спорты үшін табысты жыл болды. Мұны оқырмандарымыз жыл басынан бері газетіміздің әрбір санына жарияланған мақалалардан оқып отырғаны хақ. Ауданымыздың спорттық жүлде қоржыны небір медаль- марапаттармен керек, 4 күнге созылған жарыс өте тартысты өтті. Әсіресе, біздің ауданымыздың командасы жақсы ойын көрсетті, қонақтардың алдында ұятқа қалдырмады. Турнирге аудандық БЖСМ- нің бұрынғы және қазіргі директорлары Сармантаев Жетілген мен Байгараев Айтөре ағайлар және аудандық мәслихаттың депутаты Базарбай Нұрланов, аудандық спорттың жанашырлары, қоғамдық кеңестің мүшесі Сержан Бегманұлы мен аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек арнайы келіп қатысты. Сонымен, төрт күнге созылған жарыстың алғашқы үш күнінің нәтижесінде, 15 командаың ойыншыларының ішінен кілең мықтылар анықталып, ақтық сынға жолдама алды. Әрине, турнирге қатысу- (Бурабай) қаласында Гір спортынан Қазақстан Республикасының Кубогі болып өтті. Еліміздің ең көрікті өлкелерінің бірі Бурабайда өткен республикалық жарысқа әдеттегідей Түркістан облысының намысын қорғап, біздің созақтық спортшы оғландарымыз барып қайтты. Барып қайтып қана қойған жоқ, сол қай кездегідей ҚР- ның кубогының көрігін қыздырып, лайықты бәсекелестік танытып, жүлделі орындарды олжалап қайтты. Нақтырақ айтар болсам, Ұзын циклді көтеруден 78 кг салмақта Орынбасаров Қобыланды 1- орынды иеленіп, тағы да алтыннан алқа тақты. Серпе көтеруден 68 кг салмақта бақ сынаған Баби Орынбасар турнирдің күміс жүлдесін жеңіп алды. Ал, 63 кг салмақта Мақсатұлы налған Республикалық турнир 19 -21 қазан күндері Жайылма ауылында болып өтті. Осы турнирде 46 кг салмақ дәрежесінде күрескен дзюдошымыз Рақыш Роман чемпион атанды. Ал, 70 кг салмақ дәрежесінде Өтеген Қуаныш балуанымыз да турнирдің чемпион болды. Ал енді, 42 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Сейілбек Нұрмухамед те жүлдегер атанды. Сондай- ақ, 46 кг салмақ дәрежесінде Сентябрь Диас жүлделі 3-орынды жеңіп алып, спорт шеберлігіне үміткер деген спорттық дәрежені орындады.

Сонымен қатар, Ордабасы ауданы Темірлан ауылында да 20 -22 қазан күндері дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында өткен облыстық турнирде 18 кг салмақ дәрежесінде

# Созақ спортының соңғы жаңалықтары







толысып, сорттық тарихымыз да жаңа есімдермен жаңаланды. Ендеше, сол күні бүгінге дейінгі Созақ спортының жеңісті жолын жалғап, жыл соңына таяғанда түрлі спорттық шараларға қатысып, жүлделі орындармен оралған жерлестеріміздің жеңісі жайлы сөз етейін. Сіздер де, Созақ спортының сүйікті жанкүйерлері назар қойыңыздар!

## Бокстан ауданымызда ашық біріншілік өтті

Желтоқсан айының 10 мен 14 аралығында ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылындағы «Нұраман» тойханасының жанындағы спорт залда бокстан ҚР ашық біріншілігі болып өтті. Кіші жасөспірімдер және жасөспірім ұлдар мен қыздардың арасында «Нашақорлыққа қарсымыз» деген ұранмен Тәуелсіздік күніне орай өткен республикалық ашық біріншілік қаңтар айында облыста өтетін республикалық жарыстың алдындағы іріктеу турнирі еді. Турнирге көршілес Жамбыл және Қызылорда облыстарынан, өзіміздің Түркістан облысының аудандары мен қалаларынан 200 ге жуық жас боксшылар келді. Ашық біріншілікті ауданымызда 2009 жылы ашылып, қалыптасып үлгерген Самат Сармантаев бастаған бокс үйірмесінің бапкерлері ұйымдастырса, демеушілік танытқан осы үйірмеге қатысушы жас боксшылардың ата- аналары еді. Тағы да бұл жолғы турнир ерекшелеу болсын деп, ұйымдастырушылар медальдар мен қоса жас спортшыларға мотивация болсын деп, арнайы белбеулер жасатыпты. Кәдімгі кәсіпқой рингте жүрген боксерлер сарапқа салатын белбеулер бар ғой, тура солар секілді. Сырттай қараған адамға, өте әсерлі көрінеді екен. Шолаққорған, Тәуелсіздік күніне орай деп жасалған дүние шынымен де бүгінгі жиналған бокс сүйер қауым үшін өте қызықты болды. Айта кету шы жас боксшылардың барлығының да атын атап, түсін түстеуге болар еді. Алайда, газетіміздің биылдыққа соңғы нөмірі болған соң, «соңғы түйенің жүгі ауыр» дегендей, Созақ спортының соны әрі соңғы жаңалықтарын осылай топтап жазуға тура келді. Қорыта айтсам, әрбір жарыстың өз үздіктері болатыны сияқты бұл турнирдің де өз үздіктері, кімі мықтысы мен кіл мықтысы анықталды. Атап айтар болсақ:

Жерлесіміз, Нәзір Төреқұлов мектебінің оқушысы Айдос Ескендірұлы (Байдүйсенов) кіші жасөспірімдер арасында 28 кг салмақ дәрежесінде қарсылас шақ келтірмей, турнирдің үздік боксшысы атанды. Ал, Қ.Кемелұлы мектебінің түлегі Лесбек Нұрәділ де жасөспірімдер арасында 50 келі салмақта жұдырық түйістіріп, ашық біріншіліктің үздік боксшысы атағына лайық деп танылды. Сондай- ақ, түркістандық жас боксшы Әпсемет Әсет те өз салмағында үздік атанды. Ал енді, турнирдің үздік бапкер номинациясына Түлкібас ауданынан келген Самат Сармантаевтың алғашқы бапкері Дулат Медетбеков ие болды. Тағы да турнирдің үздік төрешісі деп, Созақ ауданының Садриддині Абдулла боксшымыз танылды. Сонымен, 4 күнге созылған республикалық турнир де өз мәресіне жетіп, кезек турнирдің үздіктерін марапаттауға келді. Марапаттау рәсіміне жоғарыда сөз еткен Созақ спортының майталмандары Жетілген мен Айтөре ағайларымыз және жанашырлары Сержан және Базарбай мырзалар қатысып, жеңімпаз жас боксшылардың мойнына медаль, белдеріне белбеу тағып, жарысты қорытындылады.

## Гіршілеріміз ҚР- ның кубогына қатысты

Сонымен, 2023 жылдың соңғы соны жаңалықтарының алғашқы легі Бурабай қаласынан келіп жетті. Анығын айтсам, желтоқсан айының 7- 10 жұлдызы аралығында Щучинск Бақыт 2-орынды иеленді. Ал енді, 78 кг салмақта серпе көтеруден Таупалды Айдын 3-орынға табан тіреді. Сондай- ақ, Серпе көтеруден 78 кг салмақта бәскеге түскен Қабылбек Ержан 1-орынды иеленіп, кубок иегері болды. Жұлқа көтеруден 63 кг салмақта Ергешбай Еркебұлан, 68 келі салмақ дәрежесінде Бекен Дінисламдар 2- орынды жеңіп алды. Жұлқа көтеруден 68 кг салмақта Бекен Динислам 2-орынға қол жеткізді. Тағы да жұлқа көтеруден 73 кг салмақта Серикбаев Мурат күміс жүлдеге ие болды. Жаттықтырушысылары: ҚЕСЖ Серикбаев Мурат, Тұрсынбаев Бақтан, Орынбасаров Қобыланды.

## Жерлесіміз Ресейден қола медальмен оралды

Осы желтоқсан айының 15- 18 жұлдызы аралығында Ресей Федерациясында белбеу күресінен әлем кубогы болып өтті. Көршілес елде өткен әлем кубогына Қазақстан елінің атынан жерлесіміз, Таукент кентінің тумасы Аят Есентай барып қатысып, + 100 келі салмақта күресіп, жүлделі III орынды иеленіп қайтты. Қазақта: «Үштің өзі күш» деген, сөз бар ғой. Сол айтпақшы, турнирдің аты айтып тұрғандай әлем кубогына қатысып, қола медальды қанжығасына байлау да екі спортшының бірінің қолынан бермейтіні хақ.

## Желтоқсан айындағы жеңісті жолды дзюдошылар жалғады

Гіршілеріміздің жеңісіне қуанып, эмоциямызды басамыз дегенше көршілес Жамбыл облысы, Сарысу ауданының Жайылма ауылынан да жылы хабар жетіп үлгерді. Сонымен, Қазақ күресінен 2009 -2010 ж туылған жасөспірімдер арасында Б. Тоғызақбайұлын еске түсіруге арОразбай Ернұр, 21 кг салмақ дәрежесінде Мақажан Мағжан, 29 кг салмақ дәрежесінде Жамбек Ернұр, 32 кг салмақ дәрежесінде Сейілбек Баймухамедтер 3–орынға табан тіреді. Ал, 35 кг салмақ дәрежесінде Серік Аяла 2 – орынды алса, Абиева Жібек 1 - орынды жеңіп алды.

Бұдан бөлек, желтоқсанның 17 күні Өзбекстан елінің Шыршық қаласында да дзюдо күресінен балалар мен жасөспірімдер арасында Халықаралық турнир болып өтті. Турнирге Қазақстанннның Шымкент қаласы мен Түркістан облысынан командалар барып қатысты. Соның ішінде, біздің Созақ аудандық БЖСМ- нің жас дзюдошы балуандары: Рысбек Бейбарыс Нұрлыбекұлы мен Балаби Айдосұлы да болды. Халықаралық турнир болған соң көршілес республикалардан да командалар барып қатысты. Небір, сен тұр, мен атайын дейтіндей сақа спортшылармен белдескен балғын дзюдошыларымыз Балаби Айдосұлы 32 келі салмақта, ал, Бейбарыс Нұрлыбекұлы + 35 кг саламқ дәрежесінде боз кілемде бақтарын сынады. Нәтижесінде, екеуі де қарсылас шақ келтірмей, халықаралық турнирдің чемпиондары атнанып қайтты. Балаби мен Бейбарыстың жаттықтырушысы аудандық БЖСМ- нің мұғалімі Нұрлыбек Рысбекұлы Тоқаев.

Сүйінші, Созақ елі! Мен осы мақаланы газетке дайындап жатқанымда еліміздің оңтүстік астанасы Алматы қаласының ашық біріншілігіне қатысып жатқан жас дзюдашымыз Бейбарыс Рысбектің біріншіліктің чемпионы атанған хабары келді. Ендеше, барша Терісқей жұртын, аудандық БЖСМ- нің ұжымын және чемпион оғланымыз Бейбарыс пен әрі әкесі, әрі жаттықтырушысы Нұрлыбекке жеңіс құтты, келесі, ұлу жылы да Созақ спорты, спортшылары үшін сәтті жыл болсын айтамыз!

***Данияр ҚҰЛ-АХМЕДҰЛЫ.***

# БЕЛЕСЕБЕД

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген сөз той қамына кіріскен үйлерде жиі естіледі. Біздің үйде де той қамына әрекет басталды. Алдын ала тойдың қай күні, қайда өтілетіне, кімдер шақырылады? Қанша адам? Кімге нені жүктейміз? дегендей ағайындармен кеңесіп алу үшін сәрсенбінің сәтті күні кешкісін «кеңес асы» берілді. Кеңес асы деген аты, ас беру заты ғана болды. Келген кісілер ішіп-жеп, тістерін шұқып, отырып-ақ




ауыл, аудан, облыс жаңалықтарын талдап, талқандап бітіріп тастады. Аздан кейін үйлеріне асыға қайта бастады. Әйтеуір құр қайтпай, той өтетін күнді біліп кетті. Апам бәрін алдын ала пысықтап қойған екен. Апамның айтуы бойынша «Тойға шақырылғандары 350 адам болады. Келетіні 300 адам, бір үйден екі тойға бөлінетіндер бар. «Бір үйден бір адам» қағидасы бойынша солай. Той сенбі күні өтеді. Жексенбі демалып, дүйсенбі жұмысқа шығады»-деп апам бәрін тас ғып қойыпты. Әкем тек «дұрыс,-дұрыс» дегендей бас шұлғып ғана отыр.

-Айтқандай Асан сен қасыңа жиендерді алып анау қойманы тазалаңдар. Іші бығып жатыр. Керегін алып керек емесін құртыңдар. Ертең қоймаға ет қоямыз, азық-түлік қоямыз,- деп апам маған бұйрықты раймен қарады. Біз білек сыбана кірісіп кеттік. Қойманың алдына Әзірбек көкемнің көк «Триын» тіреп тұрып қойдырғанбыз. Әйтеуір қолға іліккенін көлік қорабына ытқытып жатырмыз. Содан қоқысқа бығып жататын қоймамыз әжептеуір кеңіп қалды. Той да жақсы өтті. Арада айдан аса уақыт өткен де үйге әкемнің құрдасы Қанжігіт көкем келді. Біз бір-бірімізді ай көрмегенбіз. Сол өткен тойда да байқамағанбыз ба қалай? Қанжігіт көкем ашаң тартып, артық салмақтан арылып, жас жігіттердей лыпып тұр.

Әкем қол жастықты шынтақтап төрде жатыр. Салмағы да көп көрім. Қанжігіт ағаммен құрдас деп ойламайсың. Сол кісі:

-Өткен жолы балалар біреуден бір ескі белесебед сатып алған екен. Біраз күн әр жерде жатты. Тіпті балалар мінбеген соң өзім мініп алдым. Бензин сұрамайды, гараж сұрамайды, жол таңдамайды. Қосалқы бөлшек керек емес. Оның үстіне нағыз спорттың өзі. Малға да мінемін. Тау мен тас, құм мен дала, таза ауа рахат! Оның үстіне пәлен келі салмақтан арылдым,-деп әкемнің аузының суын ағызды. Кешкісін әкем күйбеңдеп қойманың кілтін іздеп жүр. Жүрегім зу ете қалды. Құдай біледі әкем өткенде той болардың алдында қоқысқа артылып кеткен белесебедті іздеп жүр.

Айтқанымша болған жоқ, қорадан шыға сала: -Әй, Сәтжан мына бұрышта тұрған көк белесебед қайда!-деп айқай салды. Зырылдап жүгіріп отырып, екі қырдың астындағы күл-қоқыс төгетін арнайы орынға да жеттім. Алайда белесебедті таба алмадым. Әлдекімдер зып еткізіп әкетсе керек.

Содан ауылдың ішіндегі группаға «ескі белесебед сатып аламын» деп жазып жібердім. Сөйтсем артынша Қанжігіт ағамның баласы келіп тұр. Жетекке алған белесебеді бар.

-Өткен жолы бір балалардан сатып алып едім. Көкемнен басқа ешкім айдамайды. Оның үстіне уайымдаймыз. Азанда мінгеннен кешке бір-ақ түседі. Апам әкеңнің салмағы жеңілдеп, жасарып бара жатыр айдай берсін дейді. Бірақ құлап қалама тыныштық керек. Сен сатып ал! Арзанға береміз,- дейді. Сатып алдық. Үйге әкелдік. Жиеннің бірі: -Аға, мынау өткен жолы қоқыс көлігіне артып жіберген өзіміздің белесебед ғой,-дейді. Шынында өзіміздің белесебед! Ойпыр-ай-а бекер артып жіберген екенбіз.

Көкем кешкісін белесебетін жақсылап жуып, құрғақ шүберекпен жылтырағанша сүртіп, ақ кепкасын баса киіп Қанжігіт досының үйіне тартты. Белесебетімен мақтанбақшы. Бұл уақытта белесебетінен айырылған Қанжігіт көкем өз үйінде бүк түсіп жатыр еді....

Ыбырай Алтинсариннің «Әке мен бала» атты әңгімесі еріксіз есіме түсті. Расында өмірде ешқандай керексіз зат болмайды. Қайсыбір зат болмасын, әйтеуір пенденің бір әжетіне жарайды екен.

***Бетті дайындаған Мақсат ҚАРҒАБАЙ.***

# Көппен көрген ұлы той



Арқабай жүрген тұрған жерінде өзін патриот сияқты сезініп жүретіні бар.

Жұрттың бәрі декабрьдің 20-нан бастап азық-түлік, банкі-сәнкі, қияр, қызанағына дейін түгендеп үйлеріне таси бастайды.

Арқабай болса «Жаңа жыл деген не пәле?». Бұл орыстан келген дүние, общым тойламаймыз! Кісі де келмесін, кісілікке де бармаспыз!-деді.

-Әй, Арқабай оның не Үйге келген адамға қалай «кет!» дейміз,-дейді әйелі Сусұлу.

-Кет деме, неге кет дейсің түсіндір. Біздің жаңа жылымыз Наурыз емес па?! Соны айт. Пажалыста наурызда келсін. Вот так күтіп аламыз,-деп Арқабай қолының қырымен мойнын орай көрсетті.

Арқабайдың әйелі Сусұлу күйеуімен одан әрі әңгімеге барғысы келмей асханаға кіріп кетті.

Соынмен биыл патриот Арқабайдың үйінде елден ерек жаңа жыл деген тойланбайтын болды. Күніге сағат 10-нан кейін ұйқыға кететін Арқабай бөлмесіне кіріп кетті. Қайдағы ұйқы тура терезенің түбінен пақылдатып-тақылдатып қытайдың оқ дәрілері атылып, көшенің бойы қарқылдай күлген, гүрілдей сөйлеген, сықылықтай күлген ары бері ағылған жүргіншілердің шуынан ұйықтай алмай аунақши берді. Сағат тілі он екіге жетеғабыл қалғанда есік қоңырауы сыңғыр ете қалды. Үйіндегілердің ешқайсысы естіпеді ме? Есікті ашатын түрлері жоқ. Амалсыз өзі ашуға бекініп түрегеліп киініп үлгерді.

Есікті ашқан сәтте Арқабай аузы аңқиып тұрып қалды. Курстас достары! Бірі Алматы, бірі Арқалық қаласында тұратын. Тек телефон арқылы байланысып жүрген еді. Сау етіп келіп қалады деп кім ойлаған. Қайсібір жылы Жаңа жылда Арқабай барып екі-үш күн тойлап қайтқан. Сол жылы қызып алған Арқабай «Мен сендерді іздеп келдім. Ендігі кезек сендердікі! Келмеседер өкпелеймін!» деп достарын меймандыққа шақыра келген. Одан бері үш-төрт жыл өтіп кеткен болатын. Курстас достары Арқабайды құшақтай-мұшақтай үйге ене берді. «Келгенше қонақ, келген соң үй иесі ұялады» демекші залдағы жаңа жыл тіпті жақын қалса да жалаң тұрған үстелге жағалай қонақтаған қонақтарын көріп Арқабайдың маңдайынан суық тер бұрқ ете қалды. Қайта абырой болғанда Сусұлу кешеден бері асханаға үндемей кіріп шығып жүріп, «бірлі жарым кісі келіп қалса» деп әзірлеген түрлі түсті салаттары, қызыра пісірген бауырсағы, бүлкілдетіп бір қайнатып алған қазы-қартасы дайын болып шықты. Келіншектермен жабыла қимылдап жалаң үстелді әп-сәтте түрлі дәмдермен жайнатып жіберді. «Е, көппен көрген ұлы той!» деп атам қазақ бекер айтпаса керек!» Ел болып, жұрт болып, арнайы қаулы, қарар шығып наурызды ғана тойланатын заманда келер,сол кезде көреміз. Ал әзірге айға атылған арыстанның кейпіне енбей, көптің қатарынан табылғаным дұрыс екен деп Арқабай жаңа жылды жұртпен бірге жабыла тойласуға бекінді.

# ЖАҢА ЖЫЛ СУРЕТТЕРІ

Ойпыр-ай «қар жаумайды», «Жаңа жыл қарсыз өтетін болды-ау» деп «уайымдап» жүретіндердің ішінде бұл жаңалық әсіресе аппақ ақ қарды асыға күтіп жүретін балаларға қиын тиді. Жаз бойы қора ішінде тұрып табаны даттанған шаналарын алғашқы қар жауған күннен-ақ әзірлеп сақадай сай етіп қойған ауыл балалары қысқы демалыстарын шыңылтыр ауада шынығуға арнамақ еді.

Арқабай бүгін де күндегідей ұйқыға жатар алдында «таңертең ұйқыдан тұрғанымда ауыл аппақ қардың құшағына оранса екен» деген тілегін іштей қайталады. Арқабай әжесі екеуі ғана қуыстағы қума бөлмені жыл сайын қыста иемденіп алады. Әкесі мен анасы, бауырлары, кішкене шақалақ інісі пеші бар ортаңғы бөлмеде жатады. Арқабай көзі ұйқыға кеткенше әжесінен әр нәрсені сұрап, сәл бұрын естіген әңгімесін қайта айтып беруін қалап әжесіне жақындай түседі. –Апа, әлгі күрең төбел ат туралы айтыңызшы? Апа Қобыланды батырды көрдіңіз бе?

-Апа, Мыңшұқыр деп не үшін айтады?-деп әңгімелерінің басын бастап тұтатып берген соң әжесі сонау тарих қойнауына еркін кіріп, Терісейдің қойнауын алаңсыз аралайтын. Бұл уақытта Арқабай әңгіменің шегіне жете алмаған күйі қой жүнді көрпенің астында пысылдап тәтті ұйқыда жататын. Ысқырынып, пысқырынған ақ боран бұл уақытта әуенін әндете бастап, терезе жақтауын сықырлата, төбедегі шатырды солқылдата долдана түсетін. Далаға шығуға жол табанын көру үшін сығырайтып жағып қойған білте шам өлеусірей жанып, сырттағы желдің екпінінен жалп етіп өшіп қалуға шақ қалатын. Кәрілік келе бастады ма, шәй ішсе далаға шығуы жиілейтін әжесі әлгіндегі кешкі шайды тартынып-ақ ішкен еді. Енді міне далаға шыққысы келіп жатыр. Кешкісін ғана қапқара болып жатқан дала аппақ ақ көрпеге оранып. Қаһарына әбден мініп алған ақ боран есіктің алдынан қарға адым жерді көрсетпейді. Арагідік долы желдің ұйытқи соғуы сәл басылғандай болғанда боранмен арпалыса құтырына абалаған қазақы төбеттердің даусы естіліп қалады. Кім біледі боранды пайдаланып ашыққан ит-құс ауылды төңіректеп келді ме? Мұндай да иттің иті болмаса, көбісі қара басын сауғалап отын қора, көң қора, бастырамның астынан ықтасын іздеп сағалап кетері анық. Арқабайдың әжесі қайта үйге кіргенде құтты шаңырақтың құртақандай балаларының даладағы ақшулан боранды елең етпестен қаннен қаперсіз пысылдап ұйқыда жатқанын көріп, мезгілдің өзіне сай бұрқасындатқан боранына шүкіршілік етеді. Ия, өткен жылдардың талай ызғарлы боранын көрді ғой. Алапат соғыс, ақтабан шұбырынды, аштық. Олардың қасында әрине, бұл боранның еркелігі мен назы, сұлу суреті мен кербез кескіні бары анық. Біресе ыңырана, біресе ышқына соғып, дүниені алақанына ұстап әпербақан ойынын көрсеткен ақ түтек таң ата басылды. Ақ бурадай шайнағанын бүркіп шашып, айналаны әлемтапырық еткен ақ боран алыстағы құм ішіне ойысқандай болды. Ұйқысынан ояна салысымен Арқабай әжесі тігіп берген түйе жүн нүмшесін кие-мие далаға ұмтылды. Көзін аштырмас көкжиекке алақанымен көлегейлей қараған ол ақ мамыққа оранған алқапқа қызыға қарады.



# Қазатомөнеркәсіп цифрлық технологияларды өндірістік қауіпсіздікке енгізеді

Шымкент қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік қауіпсіздікті цифрландыруға арналған форум өткізді. Іс-шараға атом холдингінің еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері қатысты. Форумға қатысушылар өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ радиациялық және ядролық қауіпсіздік саласында автоматтандыру мен цифрландыруды енгізу мәселелерін талқылады.




Қазатомөнеркәсіптің еншілес кәсіпорны «КАР Technology» ЖШС (атом холдингінің IT-интеграторы) өндірістік қауіпсіздік саласында еКАР және еКАР HSE ақпараттық жүйелерін дамыту жоспарларын, атап айтқанда персоналды қауіптілігі жоғары жұмыстарға жіберуді басқару процестерін автоматтандыруды ұсынды.

«Әрбір қызметкердің қауіпсіздігі мен денсаулығы Қазатомөнеркәсіптің басты басымдықтары болып табылады. Компания түрлі апаттар мен оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында бірқатар шаралар мен озық әлемдік тәжірибені қолданады, сондай-ақ атом холдингінің барлық кәсіпорындарында қауіпсіздік мәдениетін арттыру үшін өз қызметкерлерімен жүйелі түрде жұмыс істейді. Қауіпсіздік саясатының негізгі элементі – өндірістегі жарақат деңгейін нөлге дейін төмендетуге бағытталған Vision Zero тұжырымдамасы. Осы мақсатқа жету үшін Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау жүйелері үнемі жетілдіріліп отырады, тұрғындар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, заманауи автоматтандырылған және цифрлық жүйелер енгізіледі», - деп атап өтті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жалпы мәселелер жөніндегі бас директоры Мұхит Мағажанов.

Сондай-ақ, форум аясында өндірістегі бейнесараптау жүйесінің мүмкіндіктері таныстырылды. Цифрлық шешім қызметкерлерді анықтауға және тануға, объектінің аумағындағы жағдайды бақылауға, қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау нормаларын сақтауын қадағалауға мүмкіндік береді. Сараптаудың көмегімен өнеркәсіп мамандары ықтимал қауіпті жағдайларды анықтап, оқыс оқиғаларды тергеу үшін жүйені қолдана алады.

«Бұл жобалар қызметкерлерді ауысым алдындағы медициналық куәландыру, персоналды ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексеру, қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға рұқсат беру, қауіпті жағдайлар мен іс-әрекеттерді тіркеу, нұсқамалардан өту сияқты процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді», - деп түсіндірді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның «КАР Technology» ЖШС бас директоры Николай Мельников.

Сонымен қатар, іс-шарада SAP EHSM ақпараттық жүйесі ұсынылды. Жоба қоршаған ортаны қорғауды, еңбек пен денсаулықты жақсартуға, қауіпсіз жұмыс ортасын құруға, өндірістегі апаттар мен оқыс оқиғаларды азайтуға көмектеседі.

Цифрлық инновацияларды пайдалану атом холдингіне өндірістік қауіпсіздіктің тиімділігін арттыруға және компанияның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

***Нұржамал МАЙУСОВА.***

## ХАБАРЛАНДЫРУ

“Қазатомөнеркәсіп-Сауран” ЖШС, 05/02/2024 13:00 “Уванас “кен орны мен” Уванас “кен орнының Шығыс, Орталық және Батыс учаскелерінде пайдаланылған блоктарды жою және рекультивациялау” жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.».

Тыңдау Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, кен басқармасы ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Сарыарқа көшесі № 10 ғимарат, 1 қабат-Конференц зал..

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті (45.267611483923815, 68.92924435207048; 45.262410345562074, 68.92683837741862; 45.26247082665344, 68.91727176392192; 45.26759132539273, 68.91575370848683).

Бастамашы - “Қазатомөнеркәсіп-SAURAN” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

БСН: 150540001510, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, кен басқармасы ғимараты. Сарыарқа көшесі №10 ғимарат

Жауапты орындаушы Балабиев Талғат.

Байланыс телефоны 87053637319

Әзірлеуші кәсіпорын: “Актино-СКБ” ЖШС, Алматы, Фонвизин көшесі, 10

Жауапты орындаушы Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Жобалық материалдар порталда орналастырылған: https://ecoportal.kz

Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы;

https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru

Бейнеконференцияға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09&omn

Конференция идентификаторы: қажет емес, тегін кіру

Кіру коды: қажет емес, тегін кіру

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады:. “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” мемлекеттік мекемесі

***Құрметпен,
«Қазатомөнеркәсіп-Сауран «жауапкершілігі шектеулі серіктестігі».***

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «КАЗАТОМПРОМ-SAURAN», 05/02/2024 13:00 проводит общественные слушания по проекту «Ликвидация и рекультивация отработанных блоков на Восточном, Центральном и Западном участках месторождения «Уванас» и рудника «Уванас» Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к проекту рекультивационных работ «Ликвидация и рекультивация геотехнологического поля месторождения Уванас.».

Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, поселок Кыземшек, Здание рудоуправления. Улица Сарыарка здание №10, 1 этаж - Конференц зал..

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, Сузакский район, поселок Кыземшек (45.267611483923815, 68.92924435207048; 45.262410345562074, 68.92683837741862; 45.26247082665344, 68.91727176392192; 45.26759132539273, 68.91575370848683).

Инициатор – ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “ «КАЗАТОМПРОМ-SAURAN»”,

БИН: 150540001510, Туркестанская область, Сузакский район, поселок Кыземшек, Здание рудоуправления. Улица Сарыарка здание №10

Ответственный исполнитель Балабиев Талгат.

Контактный телефон 87053637319

Предприятие разработчик: ТОО «Актино-СКБ», Алматы, ул. Фонвизина, 10

Ответственный исполнитель Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Проектные материалы размещены на портале: https://ecoportal.kz

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области;

https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru

Ссылка на видеоконференцию:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09&omn

Идентификатор конференции: не требуется, свободный вход

Код доступа: не требуется, свободный вход

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу:. Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»

***С уважением,
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «Казатомпром-SaUran»».***

# Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртерезе» қағидаты енгізілді.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Жемқорлық індеті-айналасын шырмауықтай шырмап, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған келеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

***Қ.АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.
Б.ӘЛИЕВ,
бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.***



# Қартын сыйлай білген елде қасиет бар

Қазекем айтыпты деп басталатын қанатты сөздердің қатарынан болған осы қасиетті сөзді Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы,Ембергенов көшесінің тұрғындарына тиістіріп айтқан секілді. Олай дейтінім, біраздан бері байқап келемін бұл көшенің тұрғындарының сөздері мен іс- әрекеттері ауданымыздың барлық ауыл, көше тұрғындарына үлгі етерліктей. Негізінде, Шолаққорғанның байырғы көшелерінен болмаса да, кейіннен түскен жаңа көшелердің ішінде шоқтығы биік, ауызбіршілігі мығым, тұрмыс- тіршілігі де кісі қызығарлықтай бір көше бұл. Әдетте мұндай жаңа көшелердің тұрғындары көбінесе жастар болып келеді дағы, көбінесе көш бастайтын көсемі, қол бастайтын батыры, сөз бастайтын шешені жоқ ел секілді тұрғындары томаға- тұйық келеді мұндай көшелердің. Алайда, менің бүгінгі мақалама арқау болып отырғанЕмбергенов көшесі хақында олай айта алмайсың. Себебі, тұрғындарының 90 пайызын жастар құрайтын бұл көшенің азаматтарының бірен-сараны емес, бәрі бірдей белсенді. Мұны мен қайдан білемін? Менің аудандық «Созақ үні» газетінде бірге қызмет істейтін Жандәулетов Біржан Шотұлы деген әріптесім бар, сол осы көшенің тұрғыны. Сол Біржанмен аралас- құраласып жүрген соң бұл көше тұрғындарымен жолымыз жиі түйісіп қалады. Оның үстіне, әрі журналист әрі «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде маған аудан, ауыл халқымен тығыз байланыста болуға тура келіп жүр. Әсіресе, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік және инфрақұрылымдық сала бойынша Парасат клубында жүрген кезімнен күні бүгінге дейін сол елдің ішіндемін. Бұған, ауылымыздың көшелерінде тартылып жатқан газ құбырларын үйді- үйге тарту үшін түркістандық «Газ құбыры- 2050» ЖШС-гін зерттеп, дұрыстығына көз жеткізген соң, ел ішінде ертіп жүргенімді қосыңыз. мамыр айынан бергі 8 ай ішінде Шолаққорған ауылының мен кірмеген көшесі, мен жолықтырмаған адамы қалмады. Егер, бұл ауылдың көшелерін, тұрғындарын, тыныс- тіршілігін ауыл әкімдерінен артық білемін десем, артық айтқандық болмас. Оның үстіне, жуырда ғана өткен аудан әкімін сайлау науқанында біздің «Ел Мүддесі» ҚБ- нің әр ауылдағы мүшелері «Аманат» партиясының атынан кандидат ретінде тіркеліп, додаға түскен бір жылға жуық ауданымызға басшылық етіп келген жерлесіміз Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбековке сенімді өкіл боп, жер- жерлерде үгіт- насихат жұмыстарын жүргізгеніміз бар. Сол кездерде ауылымыздың қайсыбір көшелеріне насихаттық топтың құрамында кіріп, Мұхит Сексенбайұлының атынан халықпен кездескеніміз, тұрғындардың қордаланып қалған әлеуметтік және инфрақұрлымдық мәселелерімен танысып, шешілуіне де ықпал еткеніміз бар еді. Міне, сол кездерде нақ осыЕмбергенов көшесінің тұрғындарымен ойымыз, жолымыз түйіскен еді. Жалпы, жоғарыда айтқанымдай, ауылдармыздың байырғы тұрғындарының тұрмыстары тұрақты, шаруашылықтары қалыптасқан, қол жайып ешкімнен ештеңе сұрамайтындай жағдайда. Ал енді, мына біздің Шолаққорған ауылының жаңа түскен көшелерінің тұрғындары жан- жақтан құралған қырық рулы ел және кілең жастар болғандықтан біртүрлі қоғамнан тысталып қалғандай көрінді маған. Тіпті, бұл жайлы аудан әкімнің сайлауының алдында тағайындаумен әкім қызметінде отырған Мұхит Сексенбайұлының жеке қабылдауында болғанымда әңгіме арасында ауыл тынысы, көшелердің келбеті және тұрғындарымыздың жайында сөз еткенім бар еді. Мені мұқият тыңдап алған Мұхаңның: «Данияр дұрыс айтасың! Өзің білесің, әкемнің қызметіне байланысты ауданымыздың ауыл- ауылдарына көшіп, түрлі мектептерде білім алсам да мен өзімді күні бүгінге дейін шолаққорғандық сезінемін. Ал енді, сенің ойыңмен келісетін тұсым, біздің байырғы Шолаққорған тұрғындары шынында әбден орныққан, тұрмыстарыда да тұрақты. Бірлі- жарым инфрақұрылымға (көшелердің жарығы, жолы т.б) қатысты мәселелері болмаса, әлеуметтік мәселерімен есік жағалағандарын көрмейсің. Ал, мына кейіннен көшіп келіп жатқан ауыл тұрғындарының тұрмыстары тұрақтала қоймаған, бұлардың әлеуметтік мәселелері шаш етектен. Сол себепті де сенің Шолаққорған ауылының паспортын қайта жасау, әрбір көшенің тұрмыс- тіршілігімен, тұрғындарымен танысу қажет. Өйткені, Шолаққораған баяғы сіз екеуміздің бала күніміздегі, мына шетінен ана шетіне жүгіріп шығатын Шолаққорған емес. Қазір ауыл тұрғындарының саны 20 мыңға жуықтап, түтін саны 4 мыңнан асты. Әрине, бұл ресми дерек қана. Егер бейресми дерекке сүйенсек, бұл сан бұдан да артып кетуі бек ықтимал. Міне, осы себепті шұғыл Шолаққорған халқы, көшелері жайлы мәліметті жаңартып, паспортын жаңалауымыз керек- деген ұсыныстарыңды толықтай қолдаймын!»- дегені бар еді. Әрине, елде туған, осында ер жетіп, тәні жырақта жүрсе де, жаны жуықта жүрген атқамінер азамат ауданымызға әкім боп келе салысымен ауыл- ауылдарды аралап, көшелерге дейін кіргендіктен сіз бенен біз көріп отырған түйткілді мәселелердің барын, бәрін көкейінде түйіп жүр. Тек, осы мәселелерде біз, азаматтық қоғам өкілдері ол кісіге қолдау танытып, жұмысын жеңілдетуге тырысуымыз қажет. Қазір, бәрін билік шешіп беруі тиіс деп, шапанымызды ары немесе бері не кері тартатын кез емес. Қоғам болып ұйысатын, ел болып ес жиысатын уақыт.

Жә, бірді айтып, бірге кетіп, біраз жерге барып қаппын. Мақсатым, ел ішінде, елдің сөзін сөйлеп жүрген соң, елдің қордаланған, қораланған мәселелерін де ерге, елге жеткізу еді. Оның үстіне, елдің ішінде, көшелермізде осындай қордаланған түйткілдер барын білгенде, түсінгенде ғана менің мына мақаламның мақсатын түсінерсіздер дегенім еді. Сонымен, осындай Қазақ қоғамы үшін ғана емес, Созақ қоғамы үшін де осы бір өтпелі кезеңдеЕмбергенов көшесінің тұрғындарындай ымыралы, ырысты бір жерлестеріміздің болғаны, еліміздің ертеңіне деген үмітімізді оятады. Себебі, ертеңін бүгінінен биік қойған, болашағын биік түсінетін бауырларымыз тұрады бұл көшеде. Ал енді, бұларды елден ерекшелеп тұрған тағы бір түйінге тоқталайыншы. «Қариясын сыйлай білген елде қасиет бар»- деп, тағы да сол қазекем айтпақшы, бұл көшенің: Өмірзақ Сәрсенбі, Жорабек Алпамыс, Бақыт Смағұл, Айтбай Раманқұл, Қалдыбай Жекен, Бәкір Белгібай, Ізетолла Әбдірахман, Мұхтар Нұртай есімді ел мен жерге бейнетін сіңіп, зейнетін сүйіп отырған қарттары бар екен. Мінеки, көшеге қасиет даруының басты себебі де сол қазыналы қарттарының болуы екен. Әрине, бұл менің ғана емес, күні кеше ғана, яғни, желтоқсанның 26 күні ауылымыздың әкімі мен мені шақырып, сол қасиет дарыған, қоғам игілігі үшін игі жұмыстарда жүріп қарыған қарттарын ұлықтаған, мақтау қағаздарымен марапаттаған, сый-сияпаттарын жасаған көше азаматтарының да ойы, тұжырымы. Сонымен, менің тарихи танымымда тұңғыш рет көше тұрғындарының ауыл әкімі мен БАҚ өкілін шақырып, көше қарияларын жаңа жыл қарсаңында әспеттеп, ардақтаған оқиғасының куәсі болдым. Қай үйге кірсек- те ханымдары дастархандарын жайып, тура бір билер түсетін үйлерге ұқсап, біздерді күтіп отырды. Қандай керемет! Үйдің іші жылы, үй ішіндегілердің көңілі жылы. Мынадай, мейірім азайған қоғамда адамдарға деген аңсар, қарттарға деген құрмет, үлкенге деген ізет, айтарға сөзім жоқ. Әр кірген үйіміздегі қарттар, жұбайлары мен олардан туған балдар, үлкен бір әсерде, өздерінің қоғамға керектігін сезініп тұрды. Ауылымыздың әкімі Әділ Елібаевқа да рахмет, қым- қуыт тірліктерінің арасында уақыт тауып келіп, қарттардың көңілін алған. Азаматтарға алғыс, алдыңғы буын аталары мен ағаларының еңбегін елеп, еңселерін бір тіктеп кеткен. Бүгін бұлар үлкендеріне ізет білдірсе, ертең бұларға да қартайғандарында құрмет қылатын қоғам қалыптастырамыз. Тағы да бір айта кетерім, жуырда ғана аудан және ауыл әкімдігінен азаматтар хабарласып: «Дәке облыс әкімінің тапсырмасымен ауданымызға интернет орнататын компания кеп жатыр еді. Аудан басшысы хабардар, қолдап та отыр. Соны сіз елдің ішінде насихаттап берсеңіз!»- деп қолқа салғандары бар еді. Сөйтіп, менің аудандық газет пен әлеуметтік желілерге мақал –пост жазғанымнан баршаңыз хабардар шығарсыздар. Сол бастамамыз өз нәтижесін беріп, нақ осыЕмбергенов көшесінің тұрғындары бірауыздан келісімшартқа отырып, кешеден бері үйдіүйге интернет желілері тартылуда. Міне, бұл да бұл көше тұрғындарының ауызбіршілігін, ынтымағын көрсетеді. Ендеше, ел ішінде осындай ауылдарымыз, көшелеріміз көп болып, арда азаматтарымыздың қатары арта берсін! Бұқара мен билік бірлесіп, Жаңа әрі Әділетті Қазақстан қоғамын құра берейік!

***Данияр БЕК.***

**Білім**

# Балалар бірнеше тілді білсе

Кез келген ұлт үшін, кез келген ел үшін ең қадірлі де, қастерлі ұғым - «тіл» деп айтсақ артық айтпаған болар едік. Себебі, тіл - ұлт өз болмысын сақтауда маңызды орын алады. Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды түрде дамып, еліміздің экономикасы сәт сайын өсіп келе жатқан заманда көп тіл меңгеру– өскелең ұрпақтың әлемдік деңгейдегі оқу орындарында оқып білім алуларына жол ашады. Бірнеше тілді меңгеру арқылы өскелең ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, өз қабілетін танытуға мүмкіндік ала алады. Бірнеше тілді еркін меңгерге алған адамның білімі мен дүниетанымы да соғұрлым кеңейе түспек. Қажеттілік болса, әр адам ана тілінен басқа тілдерді де еркін меңгеріп кете береді. Мәселен, елімізде ең кемі үш тіл білетіндердің саны көп деуге болады. Нақты мысал келтірер болсам, біздегі ұйғыр, түрік диаспорасының өкілдерінің көбі өз ана тілін және қазақ, орыс тілдерінде еркін сөйлейді. Ал полиглот атану үшін ең кемінде өз ана тіліңнен басқа 5-6 тілді еркін меңгеру керек шығар.

Ұлы хакім Абай атамыздың 25-ші қара сөзінде «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді» деп айтып кеткен. Демек, жастарымыз неғұрлым көп тіл білсе, соғұрлым бағындырар белесі, қолданар мүмкіндігі кеңейе түспек. Білім алушыларға өзге тілдерді еркін меңгерту, білім алушылардың пәннен алған білімдерін жалпылау және бекіту және де орыс тіліне деген қызығушылығын арттыру мақсатында Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектепте “Люби, знай и цени русский язык” тақырыбында орыс тілі мен әдебиеті пән әдістемелік бірлестігінің онкүндігі болып өтті. Онкүндік барысында білім алушылардың білімдерін шыңдауға септігін тигізген “Что? Где? Когда? “ интеллектуалды ойыны, “По следам прочитанных произведений” тақырыбында көркемсөз оқу және қойылымдар байқауы жүргізілді. Әр күні қызықты да көңілді сәттермен толы болған онкүндік жоспары аясында білім алушылар “Ертегілер елінде” тақырыбында өздері оқыған шығармалар желісі бойынша суреттер салды. Пән мұғалімдері А.Тулебаева, Н.Искакова, М.Кидирбаева, С.Жумашевалар ашық сабақтар өткізіп, сабақ барысында “KAHOOT”, “PADLET”, “PLICKERS” платформаларымен жұмыс жасатып, білім алушылардың пәнге, орыс тіліне деген қызығушылығын оятуға ықпал жасады. Тек білім саласын ғана қамтып қоймай, сонымен қатар білім мен спортты егіз ұғым деп қарастырған ұстаздарымыз “Звёздный час” спорттық-танымдық ойынын да жоспарлы түрде өткізді. Онкүндіктің қорытынды кеші жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып, онкүндікке белсене ат салысқан білім алушылар мектеп директорының мадақтамасымен марапатталды. Мектеп әкімшілігі бірлестік мүшелеріне шығармашылық табыстар тіледі.

***Нурзада ИСКАКОВА,***
***Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.***

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3500 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.